

Ел тірегі – білімді жастар

Облыс орталығындағы Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған ғылыми-теориялық конференциясы болып өтті.

Жиында Академия бастығының орынбасары полиция подполковнигі О.Сейтжанов ашып, Тәуелсіздік тарихы мен бүгінгі Қазақстан жетістіктері, білім жүйесіндегі өзгерістер, маман даярлаудағы кәсібилік туралы айтты.

- Жиын барысында жоғары оқу орындарымыздың студент жастары, тыңдаушылары Қазақстан Республикасының мемлекеттік –құқықтық дамуы мен перспективасын, Тәуелсіз Қазақстанның мәдени-тарихи және әлеуметтік-экономикалық даму аспектілерін, құқық қорғау органдарының жедел іздестіру қызметін жетілдіру мәселелерін талқылады. Бүгінгі студент, тыңдаушы – ертең ел келешегінің тұғырын нықтайтын азамат. Республикамызды бейбітшіліктің, бірлік пен татулықтың ортасына айналдыра білдік. Өзге ұлт өкілдерін ұйыта білдік. Сондықтан да Тәуелсіздігімізді нығайту, баянды ету, міне осы жастардың қолында. Сонымен бірге білікті де білімді жастарымыз «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің ұлы рухы», «Патриотизм – қазақстандық қоғамның рухани байлығы», «Құқық қорғау органдарының жедел іздестіру қызметін жетілдіру және дамыту» тақырыптарында тағылымды, мазмұнды баяндама жасады. Әр баяндамашының айтар ойы, ұсынысы бар, - деді Академияның ғылыми-зерттеу және редакциялық – баспа жұмысын ұйымдастыру бөлімінің бастығы, полиция полковнигі Күлбайра Сейпиева.

Конференция секцияларында қатысушылар ҚР Конституциясы бойынша адам құқықтары мен бостандықтарының қорғалуын, мемлекет механизміндегі құқық қорғау органдарының рөлі, ҚР әлеуметтік-экономикалық жаңғырту жағдайында педагогтардың біліктілігін арттыру, кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығының жалпы мәселелері, терроризммен күрес жолдары секілді өзекті мәселелер туралы баяндама оқып, жан-жақты талқылады.

